

Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы N 92 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 23 сәуірде N 4432 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы N 142 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 10.10.2013 N 142 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазалы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қазалы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Аудандық мәслихаттың кезекті
XIV сессиясының төрағасы	К. Бижанов
Аудандық мәслихат хатшысы	Т. Бөрікұлақов